

«8D01503 – География» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Садықова Бағила Бижанқызының «Қазақстан географиясын оқытуда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудагы қашықтықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктері» атты диссертациялық жұмысына

ПКІР

Диссертация тақырыбының өзектілігі мен оміршемдігі: Жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларына география пәнінен география ғылымдарының ғылыми теориясын түсінуге, географиялық білім жинақтаудағы маңыздылығын көрсететін Қазақстанда зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін қолданбалы ғылымның жаңа бағыттарын менгеріп, зерттеп оларды қалыптастырудагы мүмкіндіктер мен әдістерін анықтау өзекті мәселе. Сондықтан Садықова Бағила Бижанқызының «Қазақстан географиясын оқытуда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудагы қашықтықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктері» тақырыбына жазылған зерттеу жұмысы, білім беру мәселелеріне көп уақыт бөлуге және оқушы бойында белгілі бір зерттеушілік қасиеттерін қалыптастыруға бағыт-бағдар берері сөзсіз. Диссертациялық жұмыстың мазмұнында оку міндеттері айқындалып, оқушылардың практикалық дағдыларын дамытуға көңіл бөлінген. Болжамдалған нәтижелер мен өз бетінше білім алуға мүмкіндіктері жағынан диссертациялық зерттеу біртұтас жүйелі түрде жоспарланған. Ол зерттеу тақырыбының өзектілігі, маңсаты мен міндеттерінің анықталуы, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен оның теориялық және практикалық маңыздылығы көздең мәселелердің шешуін тапқан ғылыми жұмыс екендігін көрсетеді.

Қазақстанның географиясын оқыту барысында оның әдістемесін жетілдіру аясында шетелдік және отандық ғылыми-әдістемелік еңбектерге талдау жасалған. Қашықтықтан оқыту технологиялары бүгінгі таңда білім беру үрдісінде оның ішінде Қазақстан географиясын оқытуда шешуші рөл атқарады. Білім беруде оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін жаңа инновациялық технологияларды қолданудың өзекті факторлары анықталған.

Диссертациялық зерттеудің Қазақстан Республикасындағы ғылым мен техниканың басты даму бағыттарына сәйкестігі: Қазіргі ғаламдық мәселелерге зерттеулер жүргізу барысында қазіргі заманға сай географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологиясын қолданудың ыңғайлы әрі тиімді жақтары көрсетілген. Қазақстан географиясын оқытуда оқушыларға кеңістіктік деректерді талдауға, карталар жасауға және географиялық процестерді модельдеуге әдістемелік мысалдар келтірілген. Бұл оқушылардың аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға және аймақтың географиясымен байланысты мәселелерді шешуге көмектеседі және оқушыларға қашықтыққа қарамастан икемді режимде ынтымақтастық пен ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктерін қолдану арқылы, Қазақстан географиясын зерделеу үшін оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған интерактивті оқу материалдарын, онлайн

сабактар мен тапсырмаларды қамтитын авторлық әдістемелік құрал дайындалып, синаудан өткен.

Садықова Багиланың диссертациялық жұмысы тақырыпка сай көптеген ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді кеңінен қарастырып, қосымша материалдар мен мерзімді басылымдарга, ақпараттық мәліметтерге, ғылыми жұмыстарға зерттеулер жүргізіп, қарастырып отырған зерттеу жұмысының жан-жақты талдау негізінде өзінің алдына қойған мақсатына жете білген. Зерттеу жұмысының тараулары мен тараушаларының арасындағы логикалық байланыс анық сезіледі, әрі диссертацияга қойылатын ғылыми таланттарға толық сәйкес орындалған.

«8D01503 – География» білім беру бағдарламасы бойынша алдын ала қорғау үшін ұсынылған философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Садықова Багиланың «Қазақстан географиясын оқытуда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудагы қашықтықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктері» атты диссертациялық жұмысының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің таланттарына сай келетін зерттеу деп бағалай келе, докторант Садықова Багиланың «8D01503 – География» білім беру бағдарламасы бойынша қорғауға лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші
Педагогика ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры,
«Қазақстанның еңбек сінірген қызметкері»

Ұ.Ә. Есназарова

Көлін растаймын
Подпись заверяю

Бағытова Гүлжан

